

Әлеуметтік педагогтің жылдық есебі

Бестөбе негізгі орта мектебінде КММ 2023-2024 оқу жылына 115 оқушы оқиды. Олардың 42- ы көп балалы отбасынан шыққан балалар, 12 оқушы толық емес отбасынан шыққан, 2 оқушы ата – ана қамқорынсыз қалған оқушылар. Оқу жылының басынан асханада тегін ыстық тамақпен Всеобуч қорындағы оқушылар және 1-4 сынып оқушылар түгел қамтылған. Жалпы тамақтанатын оқушылар: всеобуч – 24, бастауыш сынып – 46.

Всеобуч қорында тұрған оқушыларға көптеген көмек беріледі. Мысалы: жазғы демалыс орындарына жолдама, мектепке жол бағдарламасы аясында мектеп сөмкесі, ақшадай сыйақы, мерекелік іс- шараларда сыйлық беріледі.


Ай сайын тұрмысы төмен отбасыларға, ата – ана қамқорынсыз қалған оқушылардың үйіне тәрбие ісі жөніндегі басшының орынбасары, әлеуметтік педагог, психолог арнайы барып, тұрмыс жағдайын сұрастырып тұрмыстық- әлеуметтік актіні толтырады.

Әлеуметтік педагогтің жұмысының мақсаты: мектеп оқушыларымен, ата-аналармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, көпбалалы отбасы балаларын, жартылай жетім және оралман оқушылармен әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар тәртібінде ауытқушылығы бар және қиын, құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық және құқықтық жұмыстарды ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу.

Әлеуметтік педагог жылдық жұмыс жасай отырып, медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен, КТБЖ қызметкерлерімен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен жылдық жоспар жасайды.

Қазан айының 11-нен 22-не дейін әлеуметтік педагогтер декадасы өткізілді. Жоспар бойынша оқушылар ақпараттық газетпен таныстырылды, «Дұрыс тамақтану», «Біз – біргеміз!», «Ал сен, білесің бе?» деген тақырыпта ақпараттық нұсқаулар, әңгімелесулер жүргізілді. «Дені саудың рухы сау» тақырыбында 5-8 сыныптар аралығында әлеуметтік тренинг өткізілді.

Жыл бойында Степногорск қ. 2 және 6 орта мектепте әлеуметтік педагогтер семинарына қатыстым, өзіме қажет көптеген ақпарат мағлұмат алдым.

Әлеуметтік педагог  Ахметова Д.М.

«Аналар күніне» орай 6-э сынып оқушылары көп балалы ана, Алтын алқа иегері Сарбиназ анамызды құттықтап қайтты.



Құқық бұзушылықтың алдын алу және толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың тұрғылықты орнын тексеру мақсатында және қиын өмірлік жағдайға тап болған сәтсіз отбасыларға мобильді топтың кезекті рейді.



Ағымдағы жылдың 1 маусым күні мектебіміздің 5 оқушысына Облыстық “Жұлдыз” оқыту – сауықтыру орталығына жолдама беріледі.



Мектеп жанынан ашылған 03.06-14.06.2024 ж аралығында жүргізілетін “Күншуақ” жазғы лагері.



Мектеп жанындағы жазғы лагерь асханасы.

